

Археология және тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 шілдедегі N 662 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.14. N 495 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.14. N 495 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Археология және тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиялардың) тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 42-жолмен толықтырылсын:

"42. Қазақстан Республикасы археология және Мәдениет, ақпарат және тарих пен мәдениет қоғамдық келісім ескерткіштерін қалпына келтіру министрлігінің Мәдениет жұмыстарын жүзеге асыру комитеті жөніндегі қызмет

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 жылғы 7 шілдедегі

N 6 6 2 қаулысымен

бекітілген

Археология және тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары

Біліктілік талаптары лицензия алуға үміткер заңды тұлғаларға қолданылады ж ә н е :

1) тарих пен мәдениет ескерткіштеріне қатысты археологиялық жұмыстар жүргізуге құқық беретін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы далалық к о м и т е т і н і ң ұ с ы н ы м ы ;

2) ғылыми-өндірістік (жөндеу-қалпына келтіру) базасы, мамандандырылған ғылыми-зерттеу зертханасын, жабдықтар;

3) мамандығы бойынша бір жылдан кем емес практикалық жұмыс тәжірибесі бар ғылыми жетекшілердің білікті құрамын (археология, тарих, сәулет);

4) тарих пен мәдениет ескерткіштеріне қатысты археологиялық және қалпына келтіру жұмыстары бойынша жобалары;

5) жабдықтарды, құрылғылар мен жарақтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін қызметтердің болуын қамтиды.